

Бекітемін:

ЖШС «Нұрлы Жол»  
бебекжай бақшасының  
менгерушісі:  
Б.Усербаева



2024ж

**ЖШС «НҰРЛЫ ЖОЛ» БӨБЕКЖАЙ БАҚШАСЫНЫҢ  
2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН  
«БАЛДЫРҒАН» ОРТА ТОБЫНЫҢ  
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

## **Түсінік хат**

2024– 2025 оқу жылында ЖШС «НҰРЛЫ ЖОЛ» БӨБЕКЖАЙ БАҚШАСЫНЫҢ «БАЛДЫРҒАН» ортаңғы тобы балаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективалық жоспарын құрастыруда төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарды басшылыққа алды:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарының бекіту туралы» бүйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндettі Стандарты;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бүйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бүйрығының 1,2,3 - қосымшасы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндettін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бүйрығымен (2022 жыл 14 қазан №422 бүйрық өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;
- «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі үйымдары мен мектепалды топтарында тәрбиелу - білім беру процесін үйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми – әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды 2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама), Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын менгеру мерзімі бір жас тобында – 1 жыл. Күтілетін нәтижелері перспективалық жоспарда әр айда көрсетілген.

1. Физикалық қасиеттерді даму - дene шынықтыру аптасына үш рет
2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту - сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет , қазақ тілі күн сайын.
3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту – математика негізі күн сайын.
4. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту – сурет салу, мұсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын, музыка аптасына бір рет.
5. Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру – қоршаған ортамен таныстыру күн сайын.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ортаңғы топ Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін иәтиже
Кыркүйек	Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b> Бірқалышты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүру.</p> <p><b>Тепе - тендікті сақтау.</b> Тепе-тендікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 см) жүру.</p> <p><b>Жүгіру.</b> Бірқалышты жүгіру.</p> <p><b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық),</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеву.</b> 4-6 метр қашықтыққа тұра еңбектеу.</p> <p><b>Секіру.</b> Тұрган орнында қос аяқпен секіру.</p> <p><b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> Бірінің артынан бірі сапқа тұру.</p> <p><b>Ыңғактық жаттығулар.</b> бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.</p>	<p>Бірқалышты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүреді. Жүруде тепе-тендікті сақтайды. оң және сол қолмен қашықтыққа лақтырады. Тұрган орнында қос аяқпен, алға қарай жылжып, биіктікten және ұзындыққа секіреді.</p>
	Сейлеудің дамыту	<p><b>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Дауысты (а, ә,) дыбыстарды анық айтуга үйрету дыбыстардың артикуляциясын нақтылау.</p> <p><b>Сөздік қор:</b> Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту,</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> Сөздерді жіктелуіне, қарай байланыстыру.</p> <p><b>Байланыстырып сейлеу:</b> Суреттерді, заттарды қарастыруда.</p>	<p>Дауысты дыбыстарды анық айтады;</p> <p>Ойындар арқылы сездік қоры дамиды.</p> <p>Сөздерді жіктелуіне, қарай байланыстырады; Суреттер мен заттар арқылы байланыстырып сөлейді.</p>
Қазақ тілі		<p><b>Тілдік дамытуши орта</b> Балалардың ересектермен және күрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен кунделікті еркін ойында.</p> <p><b>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті</b> Сейлеудің дыбыстық мәдениетін ескеріп , артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамыту</p> <p><b>Сөздік қор</b></p>	<p>Балалар ересектермен және күрдастарымен еркін қарым-қатынас жасайды. Бір-бірімен кунделікті ойында еркін әнгімелеседі.</p> <p>Коршаған ортадағы заттарды ауызекі сейлеуде қолданады.</p> <p>Жуан және жінішке түбір сөздерді ажыратады.</p>

	<p>Ауызекі түрлі балалар әрекетінде қоршаган орта заттары мен табиғат нысандарының атаяуларын өздігінен қолдануға қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>Жуан және жінішке түбір сөздерді ажырату</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b></p> <p>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін менгерту</p>	Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін менгерді
<b>Көркем әдебиет</b>	<p><b>Кітаптарға қызығу/ты ояту</b></p> <p>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру.</p>	Суреттегі таныс кітаптарды эмоциональді түрде айта алады.
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Сан.</b> «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p><b>Шама.</b> Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру.</p> <p><b>Геометриялық фигура</b>лар. Балаларды геометриялық фигура: үшбұрышпен таныстыру.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b> Өзінің дene мүшелерін бағдарлау</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Қarama-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз</p>	<p>Балалар «бір», «көп» ұғымдарын ажыратады; екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа,артық-кем) салыстыра алады.</p> <p>Геометриялық фигура: үшбұрышты біледі.</p> <p>Өзінің дene мүшелерін бағдарлай біледі.</p> <p>Қarama-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлай біледі</p>
<b>Коршаган ортамен таныстыру</b>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі:</b> «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету. Өз іс-әрекеттерін он бағалау және өзін-өзі бағалаудын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.</p>	Балалар өз құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезіне алады., әртүрлі ойындарды өз беттерімен ойнай алады.
<b>Құрастыру</b>	Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.	Құрастыруды қызығушылықпен орындаиды;

<b>Сурет салу</b>	Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету.	сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сактайты.	
<b>Мұсіндеу</b>	Сазбалшықтан, ермексаздан мұсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-тұлік тағамдарын мұсіндеуге үйрету.	Заттарды мұсіндеуге қызығады; сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін біледі;	
<b>Жапсыру</b>	Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.	Бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді тандай алады;	
<b>Музыка</b>	Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауга баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.	Музыка жанрлары: ән мен маршты, биді таниды;	
<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастыру</b> <b>іс-әрекет</b>	<b>Ортаңғы топ</b> <b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>	<b>Күтілетін нәтиже</b>
<b>Қазан</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	<b>Негізгі қимылдар:</b> Сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру. <b>Тепе - тендікті сақтау.</b> Арқан бойымен жүру, <b>Жүгіру.</b> Аяқтың ұшымен жүгіру. <b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Төменин екі қолмен көлденең нысанана лақтыру. <b>Еңбектеу, ермелебеу.</b> Заттарды айналып және заттардың	Бір-бірден екеуден сапта жүре алады. Арқан бойымен тепе-тендікті сақтап жүре алады. Көлденең нысанана, тік нысанана заттарды лақтырады. заттардың арасымен еңбектейді. Жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу

	<p>арасымен еңбектеу,</p> <p><b>Секіру.</b> 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып,</p>	ретін сактайды;
Сейлеуді дамыту	<p><b>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Дауысты (е,о) дыбыстарды анық айтуға үрету дыбыстардың артикуляциясын нактылау.</p> <p><b>Сөздік қор:</b> Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, сөздермен байту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> Сөздерді септелуіне, қарай байланыстыру.</p> <p><b>Байланыстырып сейлеу:</b> Tipi және өлі табигат нысандарын бақылау кезінде, алған әсерлерімен бөлісуге үрету.</p>	Дауысты дыбыстарды анық айтады. Сөздерді септелуіне қарай байланыстырады. Қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұраптарға жауап береді.
Казақ тілі	<p><b>Тілдік дамытушы орта</b> Дербес әрекеттерде, ауызекі сейлеуге баулу.</p> <p><b>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті</b> Сейлеу кезінде тыныс алушы дамыту</p> <p><b>Сөздік қор:</b> Күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынастарға байланысты сөздерді(бөле,аға,апа,іні,қарындас сөздерін атайды.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Сөздерді кепше түрде қолдануға үрету</p> <p><b>Байланыстырып сейлеу</b> Балалардың айтатын сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру</p>	<p>Балалар дербес әрекеттерде ауызекі бір-бірімен сөйлеседі.</p> <p>Туыстық атауларды бөле,аға, апа, іні,қарындас сөздерін атайды.</p> <p>Сөздерді кепше түрде қолданады</p>
Көркем әдебиет	<p><b>Кітаптарға қызығушылықты ояту.</b> Оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тындау.</p>	Көрген суреттері бойынша өз ойын айта алады.
Математика негіздері	<p><b>Сан.</b> Заттардың санын ажыратуға үрету:</p> <p><b>Шама.</b> Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру.</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b> Балаларды геометриялық фигура шаршыны таныстыру.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b> Осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау:</p>	<p>Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді;</p> <p>Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыра алады.</p> <p>Геометриялық фигураны біледі.</p> <p>Осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтай алады.</p> <p>Қарама-қарсы тәулік беліктерін</p>

	<b>Уақытты бағдарлау.</b> Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: түнде.	бағдарлай біледі.
<b>Коршаған ортамен таныстыру</b>	Еңбекке баулу Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің енбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтүшіге, аула сыпыруышыға көмек көрсетуді үйымдастыру. Өзгенің енбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.	Балабақша және балабақша қызыметкерлерінің еңбектері туралы айта алады.
<b>Күрастыру</b>	Күрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылым бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажыратада білуге, атауға және қолдануға үйрету,	әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қаралайым құрылымдар түргызады;
<b>Сурет салу</b>	Көлденең және тік сзықтарды салу, олардың қылышуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу.	сзықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі;
<b>Мүсіндеу</b>	Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).	Мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады;
<b>Жапсыру</b>	Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, муқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сұртуге майлықты қолдану.	желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген;
<b>Музыка</b>	Музыка тындау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тындауға, музыканың сипаттың түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспалтарының	Музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдайды; музыканы тындау дағдыларын менгерген;

(музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, түяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.

Тұрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Ортаңғы топ Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Әртүрлі бағытта: тұра, шенбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орынданай отырып журу.</p> <p><b>Тепе - тендікті сақтау.</b> Тұра жолмен журу.</p> <p><b>Жүгіру.</b> Сапта бір-бірден,</p> <p><b>Домалату, лактыру, қағып алу.</b> Оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лактыру.</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеву.</b> Еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу.</p> <p><b>Секіру.</b> Құрсаудан құрсауға секіру.</p>	<p>Әр түрлі бағытта жүгіреді. Жүруде тепе-тендікті сақтайды. Бір-бірден сапта өз орын табады. Еденге қойылған тақтай бойымен еңбектей алады.</p>	
Караңба	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Дауысты (ұ ) дыбысын анық айтуга үйрету дыбыстардың артикуляциясын нақтылау.</p> <p><b>Сөздік қор:</b> Заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту,</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> Зат есімдерді үстінде, астында, тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> Шығармаларды тындағаннан, алған әсерлерімен белісуге үйрету.</p>	<p>Дауысты(ұ ) дыбысын анық айтады. Зат есімдерді үстінде, астында, тәрізді көмекші сөздермен бірге қолданады. Естігені, көргені, туралы айтады.</p>	
Казақ тілі	<p><b>Тілдік дамытушы орта</b></p> <p>Бірлескен әрекеттері туралы келісуге жағдай жасау</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b></p> <p>Есту қабілеттерін дамыту</p> <p><b>Сөздік қор</b></p> <p>Тұрмыстық заттардың атауларын дұрыс атату</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>Бұйрық райлы етістіктерді қолдануға баулу (бар, кел, айт)</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b></p> <p>Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап,</p>	<p>Бір-бірімен әрекеттері туралы келіседі. Есту қабілеттері дамыған. Тұрмыстық атаулардың атауларын дұрыс атайды. Бар, кел, айт сөздерін қолданады. Сөйлеу үлгілерін сақтап әнгімелесе алады.</p>	

	<b>әңгімелесе білуге баулу</b>	
<b>Көркем әдебиет</b>	Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлөндерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бакылауға, шығарманың кейілкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.	Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді;
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Сан:</b> Көп-біреу (біреу-көп), біргекті заттарды топтастыру</p> <p><b>Шама:</b> Заттарды салыстыруды шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша)</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b> Балаларды геометриялық фигурамен: дәңгелекпен таныстыру.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b></p> <p><b>Үстінде-астында</b></p> <p><b>Уақытты бағдарлау:</b> таңертең</p>	<p>біргекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді;</p> <p>Заттарды салыстыруды</p> <p>Шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша біледі).</p> <p>Геометриялық фигура: дәңгелекті біледі.</p> <p>Үстінде-астында айта алады.</p> <p>Уақытты бағдарлай біледі.</p>
<b>Коршаган ортамен таныстыру</b>	Көлік құралдарының түрлерімен және ауда ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.	Көлік құралдарын атайды; жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді біледі;
<b>Құрастыру</b>	<p><b>Құрылыс материалдарын құрастыру.</b></p> <p>Құрастырылатын құрылышты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылышын талдауға баулу.</p>	Құрастырылатын құрылышты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап, зерттейді.
<b>Сурет салу</b>	Бірнеше көлденен және тік сзыбықтардан тұратын заттарды бейнелеу.	Тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыра алады;
<b>Мүсіндеу</b>	Бірнеше беліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.	Бірнеше беліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және

<b>Жапсыру</b>	Жапсыруда табиги материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін қолдану (жырту, умаждау, бүктеу, катпарлау).	жануарларды мұсіндейді; Бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді тандай алады;
<b>Музыка</b>	Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сактауға және білуге; шығарманы сонына дейін тыңдауға үйрету.	Музыкалық шығарманы сонына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді;

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ортаңғы топ Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Желтоксан	Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b> Қол ұстасып жүру.</p> <p><b>Тепе - тендікті сақтау.</b> Бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтайшалармен жүру.</p> <p><b>Жүгіру.</b> Алаңың бір жағынан екінші жағына, <b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> (1-1,5 м қашықтық) допты домалату.</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Арқаның астымен еңбектеу.</p> <p><b>Секіру.</b> Заттарды айналып және заттардың арасымен секіру,</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b> Шанамен сырғанау.</p>	Қол ұстасып, жартылай отырып, заттарды айналып жүреді. 10 см қашықтықта орналасқан тақтайшалармен жүре алады. Заттарды айналып және заттардың арасымен секіреді. Шанамен бір-бірін сүйреп ойнайды.
	Сейлеуді дамыту	<p><b>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Дауыссыз (п-б,) дыбыстарды анық айтуды, дыбыстардың артикуляциясын нактылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p><b>Сөздік қор:</b> Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> зат есімдерді артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.</p> <p><b>Байланыстырып сейлеу:</b> Мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.</p>	Дауыссыз(п-б,) дыбыстарды анық айтады. Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді айта алады. Зат есімдерді артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолданады. Көрген мультфильмдерді ертегілер айта алады.
	Казақ тілі	<p><b>Тілдік дамытушы орта</b></p> <p>Ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу.</p> <p><b>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті</b></p> <p>Көрнекілік арқылы, көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тындау</p> <p><b>Сөздік қор:</b> Жемістердің атауларын дұрыс айтуды</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>Етістіктерді жекелей қолдануга баулу (бар, кел, айт)</p>	Ортақ тақырыпта әңгімелеседі. Өзіне айтылған сөзді тындаиды. Жемістердің атауларын дұрыс атайды. Етістіктерді жекелей қолданады. Сұрақтарға жауап береді.

	<b>Байланыстырып сөйлеу</b> Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұраптарға жауап беруге баулу	
<b>Көркем әдебиет</b>	Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.	әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізеді;
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Сан.</b> Олардың біреуін бөліп көрсету.</p> <p><b>Шама:</b> Бір затты екінші затпен беттестіру .</p> <p><b>Геометриялық фигура:</b> Ұстau және көру тәсілдері арқылы аталған фигуralарды зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау:</b> алдында-артында.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау:</b> кешке</p>	біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді; Бір затты екінші затпен беттестіру біледі. Ұстau және көру тәсілдері арқылы аталған фигуralарды зерттеуге мүмкіндік беру. Уақытты бағдарлай біледі.
<b>Коршаған ортамен таныстыру</b>	<p><b>Менің Отаным – Қазақстан.</b></p> <p>Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, езінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.</p>	Тұратын қаласы мен ауылы туралы, Қазақстан Республикасының бас қаласы мемлекеттік рәміздері туралы бастапқы түсініктерге ие; қазақ халқының дәстүрлі киіз үйін біледі; тұратын қаласы мен ауылы туралы, Қазақстан Республикасының бас қаласы мемлекеттік рәміздері туралы бастапқы түсініктерге ие; қазақ халқының дәстүрлі киіз үйін біледі;
<b>Құрастыру</b>	Құрастырған құрылышпен сюжетті ойыншықтарды колданып ойнату.	Ойнап болған соң құрылыш белшектерін жинауды.

<b>Сурет салу</b>	Қылқаламмен бояуда оны бояуга ақырын батыруды, алынған артық бояуды күтінген шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды үйрену.	Сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады;
<b>Мұсіндеу</b>	Мұсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаган бүйымдарды мұсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.	Мұсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады;
<b>Жапсыру</b>	Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.	Ересектер даярлаған ірі және ұсақ элементтерді орналастырады және желімдейді;
<b>Музыка</b>	Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үркету; оларды атай білу. Ересектердің орындаудың және аудио-бейнежазбадан музыка тындауға үркету.	Музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажыратады, оларды атайды, қарапайым ырғақпен соғады;

Айы	Ұйым/ған іс-әрекет	Ортағы топ Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже

Кантар	Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қымылдар:</b> Арқаннан ұстап журу. Тепе - тендікті сақтау. Қырлы тақтайдың бойымен журу. <b>Жүгіру.</b> Әр түрлі бағытта жүгіру, Домалату, лақтыру, қағып алу. Оң және сол қолмен тік нысанана (нысана биіктігі-1,2 м) лақтыру . <b>Еңбектеу, өрмелейу.</b> Доганың астымен (биіктігі 40 см) еңбектеу. <b>Секіру.</b> 15-20 см биіктікten секіру, <b>Спорттық жаттығулар:</b> Шанамен бір-бірін сырғанату;</p>	<p>Арқаннан ұстап жүре алады. Журуде тепе-тендікті сақтайды. Оң және сол қолмен қашықтыққа, көлденең нысанана, тік нысанана заттарды лақтырады. Шанамен бір-бірін сырғанатады.</p>
	Сейлеуді дамыту	<p><b>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> дауыссыз ( к-к,) дыбыстарды анық айтуды, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> Зат есімдерді жекеше түрде.</p> <p><b>Байланыстырып сейлеу:</b> Ересектердің сезін тындау және түсіну.</p>	<p>Дауыссыз( к-к,) дыбыстарды анық айтады. Зат есімдерді жекеше түрде айта алады. Ересектердің сезін тындауды және түсінеді.</p>
	Қазақ тілі	<p><b>Тілдік дамытушы орта</b> Сұрақтарға жауап беруге баулу. <b>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті</b> Өзіне айтылған сезіді түсінуін дамыту <b>Сөздік қор</b> Жануарлардың атауларын дұрыс айтуды <b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Сөздерді байланыстырып үйрету <b>Байланыстырып сейлеу</b> Таныс өртегілерді өздігінен айтуда баулу</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді. Өзіне айтылған сезіді түсінеді. Жануарлардың атауларын дұрыс атайды. Ертегілерді өздігінен дұрыс айтады</p>
	Көркем әдебиет	<p>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталу, балаларға сездер мен қарапайым сез тіркестерін қайталап айтуда мүмкіндік беру.</p>	<p>оқылған шығармадан қызықты үзінділерді, сездер мен қарапайым сез тіркестерін қайталап айтады;</p>

<b>Математика негіздері</b>	<b>Сан:</b> Коршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша» сұрағына жауап беру. <b>Шама:</b> Жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру,	Коршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табады; жанына қою тәсілдері арқылы салыстыра біледі.
<b>Коршаған ортамен таныстыру</b>	<b>Заттық әлем:</b> Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.	Кейбір көкеністер мен жемістерді дәмінен ажыратады сипап сезуді таниды.
<b>Құрастыру</b>	Ұжымдық құрылым жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылым бөліктерін жеке дайындау.	Ұжымдық құрылым жасауға қатысады;
<b>Сурет салу</b>	Бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсырап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлышпен сұртіп кептіруді үйрету.	Тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыра алады;
<b>Мүсіндеу</b>	Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.	Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіреді;
<b>Жапсыру</b>	Геометриялық фигуналардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз,	Геометриялық фигуналарды ажыратады, оларды ою-өрнектермен безендіреді;
<b>Музыка</b>	Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (акырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көніл-күйі (мұнды, көнілді ) байқауға үйрету. Ән айту.	Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды;

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырған іс-әрекет</b>	<b>Органды топ Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>	<b>Күтілетін нәтиже</b>
------------	--------------------------------	--	-------------------------

**Ақпан**

	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Негізгі қымылдар:</b> Тоқтап, жартылай отырып жүру. Жүгіру. Тура, шенбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру.</p> <p><b>Домалату, лактыру, қағып алу.</b> Аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан донты бір-біріне домалату.</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Көлбеу модуль бойымен еңбектеу</p> <p><b>Секіру.</b> Ілініп тұрган затқа қолды тигізіл,</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Биік емес тәбеден сырғанау;</p>	
	<p><b>Сейлеуді дамыту</b></p> <p><b>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> дауыссыз ( т-д,) дыбыстарды анық айтуды, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> Зат есімдерді кепші түрде.</p> <p><b>Байланыстырып сейлеу:</b> Сейлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану.</p>	
	<p><b>Қазақ тілі</b></p> <p><b>Тілдік дамытушы орта</b> Өз бетінше кітаптарды қарауга үйрету</p> <p><b>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті</b> Қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуга баулу</p> <p><b>Сөздік қор</b> төрт түлік атауларын дұрыс айтуда және түсіну дағдыларын қалыптастыру</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Сөз тіркесін құрастыруға үйрету</p> <p><b>Байланыстырып сейлеу</b></p> <p><b>Шағын шығармаларды мазмұны бойынша дұрыс қайталап айтады</b></p>	

	айтуға баулу	
Көркем әдебиет	Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.	Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнайды;
Математика негіздері	<b>Сан:</b> Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы. <b>Шама:</b> Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең.	Екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстырады; : Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең салыстырады.
Коршаған ортамен таныстыру	<b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b> Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылыштар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамкор, сезімтал және іскер, еңбеккор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.	Балалар «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылыштар) туралы қарапайым түсініктерге ие; тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылық танытады;
Құрастыру	Өздерінің құрастырған бүйімдарын біріктіре отырып дайын болған құрылышпен бірге ойнату.	Озі құраган құрылышымен ойнайды;
Сурет салу	<b>Заттық сурет салу.</b> Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композицияла жасауға үйрету.	Қарапайым сюжеттік композицияларды құрайды.
Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, кекеністер мен жемістерді мүсіндеуге үйрету.	Сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін біледі;

Жапсыру	Геометриялық фигуralардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы көрпе, алаша орамал және т.б. жасау.	Бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді тандай алады;
Музика	<p>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әндібереді (көңілді, мұнды, ойнақы, әуенді); таза айту, сөздерді анық айтуды, әннің сипаттын жеткізу музикалық сүйемелдеумен және (көңілді, созып, ойнақы айтуды).</p> <p>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айтуды, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p>Музикалық-ырғақтық қозғалыстар.</p> <p>Музыкамен жұру мен жүгіруді ырғақты орындау, шенбер бойымен бірінің артынан бірі жұру және шашырап жүргүре үйрету.</p> <p>Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастауды және аяқтау.</p>	<p>Дұрыс және анық айтады, әннің сипаттын сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтады;</p> <p>казақ халқының қарапайым би қымылдарын біледі;</p>
Айы	<p><b>Ұйымдастыр ылған іс- әрекет</b></p> <p><b>Ортанғы топ</b> <b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b></p>	<b>Күтілетін нәтиже</b>
Наурыз	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Бұрыльш, заттарды айналып жүруді. Белгілі бір Жүгіру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру.</p> <p><b>Домалату, лактыру, қағып алу.</b> Заттардың арасымен</p>	<p>Заттарды айналып жүреді. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру. Заттардың арасымен, қақпаға домалата алады. Тұрған орнынан жоғары</p>

	<p>қақпаға домалату.</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелөу.</b> туннель арқылы еңбектеу .</p> <p><b>Секіру.</b> Тұрған орнынан жоғары секіру,</p>	секіре алады.
<b>Сейлеуді дамыту</b>	<p><b>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> дауыссыз (ж-ш,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p><b>Байланыстырып сейлеу:</b> Ересектермен диалог құру</p>	<p>Дауыссыз (ж-ш,) дыбыстарды анық айта алады.</p> <p>Бір-бірімен, ересектермен байланыстырып сөйлеседі;</p>
<b>Қазақ тілі</b>	<p><b>Тілдік дамытушы орта</b> Алған әсері мен қалауын білдіруге баулу</p> <p><b>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті</b> К , і дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу</p> <p><b>Сөздік қор</b> Баланың сөздік қорын дамытуда санамақ жаттауға баулу</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Зат есімді үйрету</p> <p><b>Байланыстырып сейлеу</b> Шагын шығармалар бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу</p>	<p>Алған әсері мен қалауын білдіре алады. к, і дыбыстарын өздігінен дұрыс айтады.</p> <p>Санамақты жатқа айтады. Зат есімдерді атайды.шагын шығармалар бойынша сұрақтарға жауап береді</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	Бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету,	Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің рөлі сомдайды;
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Сан:</b> Тен және тең емес заттар тобын салыстыру,</p> <p><b>Шама:</b> Ені бойынша кең-тар, бірдей, тең.</p>	<p>Тен және тең емес заттар тобын салыстырады; Ені бойынша кең-тар, бірдей, тенді біледі.</p>
<b>Коршаган ортамен таныстыру</b>	<p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру.</p> <p>Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді менгеру.</p> <p>Коршаган органы қабылдау, кеңістікті бағдарлауға</p>	Қазақ халқының тұрмыстық заттарын атайды.

	үйрету.	
Құрастыру	Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденен орналастыру тәсілдерін қолдану,	құрылым бөліктегі ажыратады және атайды
Сурет салу	Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.	Сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады;
Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бүйімдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, езіне ұнаған бүйімдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.	Қазақ халқының әшекей бүйімдарын біледі; заттар мен бүйімдарды өз бетінше мүсіндей алады;
Жапсыру	Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру.	Балалар оюдың әсемдігін, оның орналасуын байқайды, олардың элементтерін бөліп көрсетеді; қазақ халқының ыдыс-аяқтары мен тұрмыстық заттарын біледі;
Музыка	<p>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ыргақты қимылдар орындау.</p> <p>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандал жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p> <p>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.</p>	Қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі;

Айы	Үйымд/ған іс-әрекет	Ортаңғы топ Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Сәуір	Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b> Еденге қойылған заттардан аттап жүрү</p> <p><b>Жұғіру.</b> Белгі бойынша көрсетілген жерге жұғіру.</p> <p><b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Допты жоғары лақтыру,</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеву.</b> Саты бойымен өрмелеву,</p> <p><b>Секіру.</b> Сызықтан секіру,</p>	<p>Еденге қойылған заттардан аттап жүреді. Белгі бойынша көрсетілген жерге жұғіре алады. Допты жоғары-төмен лақтырады, қағып алады; Саты бойымен өрмелейді. Сызықтан секіреді</p>
	Сейлеуді дамыту	<p><b>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясы нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p><b>Байланыстырып сейлеу:</b> Кейіпкерлерді сипаттау үшін даусы ырғағының мәнерлі қаралайым тәсілдерін колдану.</p>	<p>Дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айтады. Кейіпкерлерді даусы ырғағымен сипаттайтын</p>
	Көркем әдебиет	Онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.	Сюжетті эмоционалды қабылдайды, кейіпкерлерге жанашырлық танытады;
	Қазақ тілі	<p><b>Тілдік дамытушы орталық</b> Сәлемдесуде етінішін білдіруге, ырзашылдығын білдіруде сыпайы сейлеу әдебін сактауға</p> <p><b>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті</b> Ү дыбысын өздігінен дұрыс айтуда баулу</p> <p><b>Сөздік қорын</b> Баланың сөздік қорын дамытуда тақпақ жаттауға баулу</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Сын есімді үйрету</p> <p><b>Байланыстырып сейлеу</b> Шагын ертегі, шыгарма бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге баулу</p>	<p>Сәлемдесуде, етінішін білдіруде сыпайы сейлейді.</p> <p>Ү дыбысын өздігінен дұрыс айтады.</p> <p>Тақпақты жатқа айтады. Шагын ертегі, шыгарма бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.</p>

<b>Математика негіздері</b>	<b>Сан. «Тен бе?», Шама: биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тен.</b>	ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстырады;
<b>Коршаган ортамен таныстыру</b>	<b>Өсімдіктер әлемі.</b> Тұған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. <b>Жануарлар әлемі.</b> Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табигат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.	Тұған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы түсініктерді менгерген; кейбір көгөністер мен жемістерді дәмінен ажыратады және атайды; Үй жануарлары мен жабайы жануарларды таниды.
<b>Кұрастыру</b>	<b>Ірі және ұсақ құрылыш материалдарынан, ұлғи бойынша, ойдан құрастыру.</b>	Ірі және ұсақ құрылыш материалдарынан, ұлғи бойынша, ойдан құрастыра алады.
<b>Сурет салу</b>	<b>Сурет салуда қауіпсіздікті сактауга, ұқыптылыққа баулу.</b>	Сурет салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сактайды;
<b>Мұсіндеу</b>	<b>Жаю тәсілдері арқылы заттарды мұсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).</b>	Заттар мен бұйымдарды өз бетінше мұсіндей алады.
<b>Жапсыру</b>	<b>Жапсыру барысында қауіпсіздікті сактауга, ұқыпты болуга баулу.</b>	Жапсыру барысында қауіпсіздікті сактайды.
<b>Музыка</b>	<b>Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.</b> <b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</b>	Билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындаиды; музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын ойындарда мәнерлі және эмоционалды жеткізеді;

Айы	Үйым/ған іс-әрекет	<b>Ортаңғы топ</b> <b>Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>	Күтілетін нәтиже
Мамыр	Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b> Жан-жаққа баяу айналып жүру.  <b>Жұғіру.</b> Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жұғіру.  <b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.  <b>Енбектеу, өрмелеву.</b> Гимнастикалық қабырғаға өрмелеву және одаңжәне түсу (биіктігі 1,5 м).  <b>Секіру.</b> Тұрған орнынан ұзындыққа 40 см қашықтыққа секіру.  <b>Спорттық жаттығулар:</b> Велосипед тебу. Үш дәңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, онға және солға бұрылыш тебу;</p>	<p>Жан-жаққа баяу айналып журеді.      Қарқынды өзгертіп, тоқтамай баяу қарқынмен жұғіреді. Допты еденге соғып қағып ала алады.      Гимнастикалық қабырғаға өрмелейді одан түседі. Тұрған орнынан ұзындыққа секіре алады. Үш дәңгелекті велосипед тебу дағдыларын менгерген.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.  <b>Байланыстырып сөйлеу:</b> Таныс ертегілерді ойнауга және сахналauғa ынталандыру, қызыгуышылығын ояту.</p>	<p>Дұрыс сөйлеу қарқынына ие; Таныс ертегілерді ойнай алады және сахналайды.</p>
	Көркем әдебиет	Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуга үйрету.	Тақпақтарды, өлеңдерді мәнерлеп жатқа айтады.
	Қазақ тілі	<p><b>Тілдік дамытуши орта</b>      Құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауга баулу  <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b>      Ұ дыбысын өздігінен дұрыс айтуга баулу  <b>Сөздік қор</b>      Жаңылтпаш жаттауга баулу  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p>	<p>Құрдастарын есімімен толық атайды.      Ұ дыбысын өздігінен дұрыс айтады.      Жаңылтпашты жатқа айтады.      Шығарма, ертегілерді өздігінен қайталап айтады</p>

	<b>Етістікті үйрету</b> <b>Байланыстырып сойлеу</b> <b>Шыгарма, ертегілерді өздігінен қайталап айтуда баулу</b>	
<b>Математика негіздері</b>	<b>Сан.</b> «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. Шама. жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.	«Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап бере алады.. Жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілейді.
<b>Коршаған ортамен таныстыру</b>	<b>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.</b> Ауа-райының жағдайын анықтау (сүүк, жылы, ыстық), табиғат күбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. <b>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сактау</b> (санырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұсташау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын аланында және құммен, сумен, қармен, ұсак заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсак заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).	Табиғаттағы маусымдық өзгерістерд байқайды және атайды; топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сактайтын.
<b>Құрастыру</b>	Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауга, қауіпсіздік техникасы ережелерін сактауга, ұқыптылыққа баулу.	Ойнап болған соң құрылыш бөлшектерін жинайды.
<b>Сурет салу</b>	Күмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сактауга, ұқыптылыққа баулу.	Сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады; сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сактайтын.

<b>Мұсіндеу</b>	Мұсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу	Мұсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтайды; жұмысты ұқыпты жасауға тырысады.
<b>Жапсыру</b>	Геометриялық фигуналардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы орамал жасау.	Геометриялық фигуналарды ажыратады, оларды ою-өрнектермен безендіреді;
<b>Музыка</b>	Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ыргакпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын мейгеруге ықпал ету.	Балалар музыка аспаптарын біледі, оларда ойнайды.